

- 11 Murašov, J. (2016), *Das unheimliche Auge der Schrift. Mediologische Analysen zu Literatur, film und Kunst in Russland.* – München, WilhelmFink.
- 12 Руднев В. Энциклопедический словарь культуры XX века. – СПб.: Азбука, Азбука-Аттикус, 2017. – 864 с.
- 13 Гиздатов Г.Г., Алдабергенова А.А. (2021), Дискурсивные интерпретации романа Дж. Хеллера «Поправка-22» в переводческой практике». Критика и семиотика. Scopus. – № 2. стр. 160–177. DOI 10.25205/2307-1737-2021-2-160-177 ISSN 2307-1737
- 14 Лорие М. Уловки переводчиков // Мастерство перевода. – М.: Советский писатель, 1970. – С.334-358.
- 15 Seed, D. (1989), *The Fiction of Joseph Heller: Against the Grain.* – Hampshire, Macmillan press.
- 16 Хеллер Дж. Поправка за поправкой/пер. с англ. С.Б. Ильина. – М.: АСТ, 2013. – 412с.
- 17 Зверев А. М. Маленький человек и безумный мир // Иностранная литература. – 1968. №2. – С.180-188.
- 18 Gizdatov, G. G., Kim, S. K. (2024) Translation of the absurdist literature as an example of cultural transfer (“Cases” by Daniil Kharmis in Korean translations), Slovo.ru: Baltic accent, Vol. 15, no. 1, pp. 158-171. doi: 10.5922/2225-5346-2024-1-9.

Материал поступил в редакцию журнала 13.06.2024

МФТАР 16.21.61

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss2pp31-42](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp31-42)

М.С. Ауғанбаева¹, Г.Б. Мамаева¹, Г.А. Тусупбекова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

²«Шәкәрім университеті» КеАҚ, Қазақстан Республикасы, Семей, 071400, Қазақстан Республикасы

ЖАСТАР ТІЛІНДЕГІ СЛЕНГТЕР МЕН ЖАРГОНДАР

Мақалада қазақ тіл біліміндегі күрделі мәселелерге жататын тіл экологиясы, тіл тазалығы қарастырылады. Әлеуметтік топтар қолданатын тіл нормаларын бұзушы сөздерді зерттеу мәселенің өзектілігін көрсетеді. Тіл білімі тілді тек қарым-қатынас құралы ғана емес, әр түрлі коммуникативті салалардағы қызметін таным өзегі ретінде қарастырады. Ұлттық тіл арқылы сол халықтың тарихымен, мәдениетімен, өмір сүру салтымен, ортасымен танысамыз. Тіл мамандары тілді қоғаммен бірлікте қарастырады. Қоғамда орын алып жатқан ахуалдар тілде көрініс табумен қатар, оған өз ықпалын тигізеді.

Тіл тазалығын сақтау – өзге тілдің сөздерін, яғни кірме сөздерді бейберекет қолданбау. Тіл білімінде тіл мәдениеті басты назарда болады. Ол әр халықтың мәдени, рухани байлығымен қоса әдеби тілінің деңгейімен байланысты. Тіл мәдениетін дамыту үшін тіл тазалығын, көрнекілігін, дәлдігін басты назарға алу керек. Яғни сөйлеу тілін әдеби нормаға жатпайтын жаргон, сленг, диалект, қарапайым сөздерден тазартуымыз қажет. Сленг және жаргон сөздерді күнделікті өмірде жиі қолданудың әсерінен тіл білімінде өзекті мәселеге айналды. Тіл білімінде бұл мәселені эколлингвистика саласы қарастырады.

Кілт сөздер: ана тілі, тіл тазалығы, ауызекі сөйлеу тілі, жаргон, сленг, социолект, арго.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Тіл – халықтың және әр адамның тіршілік ету ортасы. Тіл экологиясы өткір мәселелердің бірі. Тіл экологиясының өзектілігі қоғамның даму тенденцияларына байланысты. Оған

жаһандық ақпараттық жүйелердің пайда болуы, әр түрлі мәдениеттердің өзара ықпалдасуы, экономиканың жаһандануы жатады. Шет тілі сөздерінің тілге енуі нәтижесінде ана тіліндегі сөздер ұмытылып, халықтың сауаттылығына теріс әсер етеді. Тілде болып жатқан дағдарыс мамандардың ғана емес, мемлекет тарапынан да назар аударуды талап етеді. Жаһандық экологиялық дағдарыстың түпкі себебі рухани дағдарыс деп танымыз. Табиғи ортаның қолайсыз жағдайы адам денсаулығына нұқсан келтіреді. Тілдік ортаның қолайсыз жағдайы жеке адамның және бүкіл халықтың рухани деградациясын тудырады. Халық пен тіл – дене мен жан сияқты бөлінбейтін ұғымдар. Басты мақсат – ана тілінің тазалығына кері әсерін тигізетін жаргондар мен сленгтерді зерттеу.

Сленгті пайдаланушылардың басты өкілдері – балалар, студенттер, ғашықтар, құпия саяси ұйымдардың мүшелері, түрмедегі, одан тыс жерлердегі қылмыскерлер, түрмедегі жазықсыз адамдар. Сленг сөздер жоқ жерден пайда болмайды. Субмәдениет өкілдерінің тілде бар терминдерге жаңа ерекше мағына беруі арқылы интерпретациялаудың нәтижесінде жасалады. Яғни сөздердің пішінін немесе мағынасын өзгертуін сленг жасау тәсілі деуге болады. Сондай-ақ, бұл процестерге метафора, сөздердегі дыбыстарды өзгерту, метонимия, гипербола, шет тілдерден кірме сөздер енгізу сияқты көптеген экспрессивті құралдарды пайдалану жатады.

КІРІСПЕ

Қазіргі қазақ тілін зерттеп, тілдің дамуына, қолданылуына теріс әсер ететін себептерді ғылыми тұрғыдан анықтау – эволюционистиканың мақсаты. Сөйлеуде диалектизмдерді, жаргондарды, сленгтерді, дөрекі сөздерді орынсыз көп қолдану сөз мәдениетіне жатпайды. Қазақ тілінің қазіргі тілдік жағдайында тіл тазалығын сақтау – маңызды мәселелердің бірі. Ауызекі сөйлеу тілімізге сленгтер ағылшын тілінен енеді. Мұның бірден-бір себебі – «үш тұғырлы тіл» саясатымен байланысты. Сленгті қолданушы әлеуметтік топ – жастар және компьютер қолданушылары. Сленг – тілдің ең қозғалмалы бірлігі, яғни үнемі өзгеріп отырады. Олар – тілде және қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістердің айнасы. Бұл факт сленгті зерттеудің маңыздылығын көрсетеді. Жастар сленгіне назар аудару ерекше маңызды. Жастар ағылшын тіліндегі бағдарламаларды көріп, ағылшын тіліндегі әндерді тыңдайды. Шет тілдер сөздерін пайдалану – сөздік қорды байытудың бір тәсілі. Бірақ шамадан тыс шеттілдік компоненттердің енуі қазақ тілінің болашағына нұқсан келтіреді, тіліміздің қасиетінің жойылуына қауіп төндіреді.

Тіл тазалығына қатысты отандық және әлемдік лингвистикадағы А. Байтұрсынұлы, М. Балақаев, Р. Сыздық, Н. Уәли, А.Ф. Селви, Э. Парtridge, И.Р. Гальперин, Я. Шумов, Г.А. Судзиловский, Д.В. Громов, О. Есперсен, Н. Вебстер сияқты ғалымдардың еңбектері қарастырылды.

Тіл үнемі дамып отырады, тілдің салалары бір-бірімен үнемі байланыста болады. Сондықтан сөздер тілдің бір саласынан екінші саласына ауыса береді. Белгілі бір стилистикалық санатқа жататын сөздердің ауысулары, табиғи құбылыс. «Сленгке» қатысты сөздерді шектей алатын стилистикалық категориялардың ауқымы кең. Олар ауызекі сөздер, жаргондар, қарапайым сөздер, дөрекі сөздер, диалект сөздер, кәсіби сөздер және т.б. Сленгке жататын кейбір сөздер мен тіркестер неологизмдерден де жасалады. Неологизмдер әдеби тілде де, ауызекі сөйлеу тілінде де, жаргондарда да кездеседі. Сленг – белгілі бір топ қолданатын сөздікте жоқ сөздер мен сөз тіркестері, қолданыстағы сөздердің бұрмалануы немесе терминдер болуы да мүмкін.

Тіл үшін сленг лингвистикалық зертхана сияқты. Онда жаңа сөздер әр түрлі жағдайларда қолданылады, кейін кейбір сөздер ұмытылады, ал кейбірі қарапайым тілге енеді. Егер олар адамдарға дәстүрлі тілде айтылмайтын нәрсені айтуға мүмкіндік берсе, оны көпшілік қабылдаса, бұл сөздер мен тіркестер әдеттегі сөйлеу тіліне енеді. Сленг ағылшын тілінің ажырамас бөлігіне айналды. Ол әдебиетте, газеттерде, радиода, кинода белсенді дамып келеді. Тіл күн сайын дамиды, жаңа сөздердің жасалуы қоғамның дамуымен байланысты. Қазіргі

технологиялар әлемінде жаңа мамандықтар, жаңа салалардың пайда болуы адамзатқа, біздің сөйлеу тілімізге, сөздік қорымызға айтарлықтай әсер етуде. Бұл құбылыс белгілі бір континентпен шектелмейді, әлемнің әр түрлі тілдерінде кездеседі. Саясат, сайлау, соғыс, техникалық реформалар сияқты факторлар әлемге әсер етіп, біздің өмірімізде заманауи жаңа нәрселер пайда болып, жаңа сөздер тілдік қолданысқа енеді.

Қазіргі ауызекі сөйлеу тілі, әсіресе, жастардың сөйлеу тілі кірме сөздердің әсерінен едәуір өзгерістерге ұшырауда. Оның себебі шет тілдерден жаргон сөздер, сленгтердің енуімен қатысты. Сленгтер – жастар коммуникативтік стилінің ерекшелігі, жастар мәдениетінің ажырамас бөлігі. Басқаларға түсініксіз өзара қолданылатын тіл – жастар субмәдениеті белгілерінің бірі. Жастар мен басқа адамдар арасында нақты шекара қою мүмкін емес, сондықтан сленг осы әлеуметтік топтың ерекшелігі ретінде қызмет атқарады. Қазіргі *okeй, goy, изи, хайп, хейт* сияқты сөздер әдеби тілге кері әсерін тигізуде. Жастар қолданатын сленгтің тұрақты кәсіби жаргондардан айырмашылығына олардың тез өзгеруі жатады. Бұл – тілдің ең өзгергіш бөлігі. Тілде жаңа неологизмдер пайда болып отырады, ал бұрынғы сөздер сәннен шығып, бірнеше жылдан кейін алдыңғы буын өкілдерінің тілдік қолданысындағы сөздер сәннен шығады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Тіл экологиясының ортологиялық мәселелері алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарында, яғни тілдік ортаны таза ұстаудың негізгі қағидалары алаш қайраткерлерінің – А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Е. Омаров, Х. Досмұхамедов, Н. Төреқұлов, Қ. Кеменгерұлының еңбектерінен бастау алады. Қазақ тіл біліміндегі грамматикалық, орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды меңгерту Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, М. Балақаев, С. Аманжоловтардың теориялық және әдістемелік еңбектерінде қамтылған. Тіл мәдениетіне арналған зерттеулерге М. Балақаев, Р. Сыздық, М. Серғалиевтердің тілдік норманы қарастырған еңбектері, қазақ тілі экологиясының тіл білімінің жеке бір бағыты ретінде қалыптасу кезеңіне Н. Уәли, Г. Смағұлова, Д. Әлкебаевалардың зерттеулері жатады. Әлемдік лингвистикада эколлингвистиканың теориялық негіздері Э. Хауген, М. Халлидей, Э. Филл, Х. Хаарманның еңбектерінде қарастырылған.

Зерттеу барысында лингвистикадағы негізгі принциптер мен зерттеу әдістері қолданылды. Мақалада салыстырмалы, әлеуметтік, баяндау, сипаттау және жүйелеу әдістері қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Ағылшын тілінен енген сөздердің едәуір бөлігі жастар коммуникациясы арқылы қолданысқа түсіп қалыптасқан. Олар – жаргон, сленг, социолект, арго. Жастардың жаргондары мен сленгтері тілдің бейәдеби лексикасына жатады. Сленг және социолект терминдері ағылшын тілінен, арго, жаргон терминдері француз тілінен енген. Жаргон – тұрақты жеке әлеуметтік топтың ауызекі қолданыстағы сөздері. Бұл топтағы адамдар қызметіне, қоғамдағы орнына, жасына қарай қалыптасады. Жалпы халық тілінен жаргон айрықша лексикасымен, фразеологизмдерімен және сөзжасамдық тәсілдерімен ерекшеленеді. Жаргондық лексиканың үлкен бөлігі – бұрын өмір сүрген әлеуметтік топтардың «мұрасы». Кез келген әлеуметтік топтың жаргоны әдеби тілге, нормаға қарама-қарсы екені белгілі. Ресми немесе бейресми әлеуметтік топ жаргондарының жастардың сөйлеу тілінде белсенділігі жоғары. Бір жаргоннан басқа жаргонға өту кезінде сөздің мағынасы өзгеріске ұшырауы мүмкін. Жаргонның лексикалық қоры басқа тілдерден толықтырылып отырады. Сөздердің көпшілігі кейде тұлғалық өзгеруден жасалады. Мысалы, «баскет» – баскетбол, «телик» – теледидар. Жаргонның әзіл не тұрпайы қарапайым, дөрекі болуы әлеуметтік топқа байланысты. Топ қоғам үшін ашық болса (жастар тобы), жаргон «ұжымдық ойын» ретінде сипатталады. Ал жабық топта жаргон «бөтен» немесе «өз» адамдарын ажырату үшін қолданылады. Кейде

жаргон құпиялылық құралы ретінде де іске асады. Жаргон сөздер өте жылдам өзгеріп отырады. XX ғасырдың 50-60-жылдары ақшаны – «тугрик» (моңғолша), «рупия» (үндіше) десе, 70-жылдары «монета», «мани», 80-жылдары «бабки», 90-жылдары «капуста», «бакси», «кэш» деп атады. Жастар жаргонының негізін студенттік жаргондар құрайды. Жастардың ортасында, өздерінің араларында жаргондарды белсенді түрде қолданылады. Студенттер – жас ерекшелігімен және өздерінің көзқарастарымен ерекшеленетін қоғамдағы ерекше топ. Студенттер өздерінің күнделікті қарым-қатынасында өздеріне түсінікті, яғни жаргон сөздерді қолданады. Ол сөздер ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, жылдар бойы студенттердің тілдік қолданысында өзекті және қалыптасқан белгілі бір мағынасын сақтайды. Мысалы, *балмұздақтар* деп 1-курс студенттерін атаған. Бұны қазір де барлық жоғары оқу орындарының студенттері қолданып келе жатыр. Ал *балмұздақ* деген сөздің шығу тарихы сол 50-60 жылдармен байланысты, яғни ауылдан қалаға оқуға келген студенттер бірінші кезекте балмұздақ алатын. Себебі ол уақытта ауылда балмұздақ болмайтын. Өзге курс студенттері 1-курс студенттерін қолдарындағы балмұздақтан танып, *балмұздақ* деп атап кеткен. Дәл осы сияқты сөздер студенттердің арасында кең жайылып, *балмұздақ* деген студенттік жаргон пайда болған. Студенттік жаргондарды екіге бөліп қарастыруға болады. Олар: 1) ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлі жаргон; 2) студенттердің сөздік қорын жаңа сөздермен толықтыратын жаргон.

Жастар сленгі – жастардың өзіндік ерекшелігіне жатады. Сленг олардың өз ортасында сөзінің салмағы болуына әсерін тигізеді. Сленгті қолдану әдеби сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға кедергі келтірмеуі керек. Жастар сленгтің қай жерде орынды, қай жерде әдеби тілді жойып жіберуі мүмкін екенін саралауы керек.

Тіл – оймен, құндылықтармен, белгілі бір ақпаратпен, идеялармен алмасуға көмектесетін сөйлеу әрекеті. Сленг қарсыласқа әсер ету үшін, танымдық іс-әрекетін, білімін, өз ойын, пікірін бөлісу үшін қолданылады. Қарапайым заманауи адамның өмірін сленгсіз елестету мүмкін емес деуге болады. Сленг барлық жерде, жарнамаларда, фильмдер мен сериалдарда, әндерде, тіпті кітаптарда да кездеседі.

Сленг студенттерді, жасөспірімдерді біріктіреді, өздерін жайлы сезінуіне көмектеседі. Егер өздеріне ыңғайлы тілді пайдаланса, пікірталастарға қатысуға бейім болып, жаңа ұғымдар туралы ойлануға тырысады. Тілде үнемі қолданысқа жаңа сөздер еніп, ескі сөздер шығып отырады. Осылайша тілде сленгтер мен жаңа сөздер пайда болады. Әрбір адам сұхбаттасушыға ақпаратты эмоционалды, тапқыр түрде жеткізгісі келетіндіктен, тілдің қысқартылған лексикалық бірліктерін қолданады. Бұл сленгтің әмбебап қызметін көрсетеді.

Сленг әр түрлі субмәдениеттерден енеді. Бірақ біраз уақыт қолданысқа түспей, уақыт өте келе ғана қолданылуы мүмкін. Спорт комментаторлары, жаңалықтар тілшілері немесе әзіл-оспақ театрлары қолданған сөздер бірден кең тарайды. Кейбір сленг бірліктері кенеттен қолданысқа енеді. Яғни өзінің бастапқы сленгтік мағынасын сақтай отырып, өзгертілген күйінде жалпы қолданыстағы сөздердің қатарына енеді. XX ғасырда бұқаралық ақпарат құралдары сленгтердің тез таралуына, олардың көпшілігінің жойылып кетуіне де ықпал етті. Ал сленгтің өзіне келетін болсақ, бүгінде ол бұқаралық ақпарат құралдарының барлық түрлерінде жиі кездеседі. Сленгті жастар ғана емес, сонымен қатар барлық жастағы әлеуметтік топтардағы адамдар да қолданады. Сленгті қолдану адамның қоғамдағы орнын анықтайды, сонымен қатар оның санасына әсер етеді. Бүкіл әлемде сленгті қолдану кеңінен тараған.

Қазақ тілінің лексикалық жүйесіндегі сленг – уақытша құбылыс. Оның дамуына мәдениетаралық, заманауи технологиялар, БАҚ және т.б. факторлар әсер етеді. Сленгтің негізгі пайдаланушылары – жастар. Жастар сленгі субмәдениет өкілдерінің көршілес тілдерден сөз алуы арқылы жасалған.

ТАЛҚЫЛАУ

Тіл – адам қатынасының, ойлаудың, мәдениеттің құралы. Тіл тазалығы – ана тілін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Ана тілінің шұбарлануы ауызекі тілде ғана емес, жазба тілде де

орын алған. Өз тарихына, дәстүріне, туған жеріне, туған тіліне құрметпен қарап, қадірлеген адам ғана мәдениетті. Қоғамдағы адамдардың сөйлеу ортасы тілі мен мәдениетінің жай күйін көрсетеді.

Реформатор-ғалым А. Байтұрсынұлы сөз тазалығы туралы былай дейді: «Қазақ әдебиеті қатып-пісіп жетпеген уақытта біз қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғамаймыз, жергілікті сөз екен деп, ол жағынан қатал қарап, қашып тұрмаймыз. Жалғыз-ақ біздің мықтап қашатынымыз жатшылдық (жат сөзшілдік).

Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айрылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының шарты орындалған болады» [1, 256]. Ал М. Балақаевтың пікірі мынадай: «Тіл мәдениетінің қамын жеу, сайып келгенде, тіл тазалығына, ой дәлдігіне қамқорлық жасау ...» [2, 135]. Р. Сыздық: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру», – десе [3, 26], Н. Уәли «Сөз мәдениеті» еңбегінде: «Тіл мәдениетіне қажетті аса маңызды сапалардың бірі – сөз тазалығы. Сөз тазалығы дегенде алдымен ойымызға оралатыны тіл тазалығы, сөзімізде бөгде тілдік элементтердің болмауы. Бірақ әдеби тілімізде өзге тілдерден енген сөздер, тіпті сөз тудырушы қосымшалар да бар екені мәлім. Ондай құбылысты тіл-тілдің барлығынан дерлік кездестіруге болады. Өзге тілден сөз алмаған, ауыз-түйістігі жоқ «таза» тілдер кемде- кем», – дейді [4, 75].

Жаргондарды зерттеу – әлеуметтік лингвистиканың міндеті. Кейде жаргон термині қате сөйлеуге қатысты да қолданылады. Сондықтан оны кейде «студенттер тілі» сияқты сөз тіркестерімен, «арго», «сленг» сияқты терминдермен де алмастырады. «Арго» – бір немесе бірнеше табиғи тілдердің өзгерген элементтерінен құралған, кейбір шектеулі кәсіби әлеуметтік топтардың айрықша тілі, яғни жаргонның бір түрі. «Арго» қоғамнан ерекшелену мақсатымен, сөздердің құпиялылығын сақтау үшін қолданылады. «Арго» терминдері көбінесе қылмыстық топтар арасында қолданылады. Мысалы, ұрылардың аргосы сыған, неміс, орыс т.б. тілдердің сөздерінен жасалған. Аргоның өзіне тән грамматикасы болмайды. Социолект термині лингвистикада кейінірек, XX ғасырдың екінші жартысында ғана пайда болды. Ол екі сөздің, яғни бірі – қоғам, әлеуметтік ортаға қатысты «социо» сөзі мен «диалект» деген сөздердің бірігуінен жасалған. Қазақша баламасы – әлеуметтік диалекті. Әлеуметтік диалекті деп қандай да бір әлеуметтік топқа тән тілдік ерекшеліктер жиынтығын айтамыз. Ол кәсібіне, адамдардың әлеуметтік тобына, жасына, жынысына байланысты ұлттық тілді әр алуан қолданудан пайда болады. Әлеуметтік диалектілерге әскери адамдардың (солдат жаргондары), студенттердің (студенттер жаргоны), қылмыскерлердің (түрме жаргондары) сияқты сөйлеу ерекшеліктері жатады. Социолект – адамдардың әлеуметтік топтарының өзара қарым-қатынасын, әр түрлі және бір-біріне ұқсамайтын тілдік ерекшеліктерін көрсететін атау. Социолектер бүтіндей қарым-қатынас жүйесін көрсете алмайды. Бұл – сөз, сөз тіркесі, синтаксистік құрылымдар түріндегі сөйлеу ерекшеліктері.

А.Ф. Селви түрік әлеуметтік лингвистикасындағы ағылшын тілінің әсерін зерттей келе, шет тілінің ықпалын жіктеп көрсетеді. Олар: «1) шеттілдік кірме сөздер; 2) шеттілдік жұрнақтар; 3) шет тілінде жазылатын сөздер; 4) шеттілдік символдар; 5) шеттілдік жазулар; 6) шет тіліндегі дүкен атаулары; 7) шетел сөздерін түрік тіліне сөзбе-сөз аудару» [5, 185].

Қоғамда бірнеше әлеуметтік топтар бар. Солардың бірі ұрылар жаргоны: күйіп кету – қолға түсу, карманщик – қалтаға түсетін ұры, отырғызып кету – алдап кету, қораға кіргізді – алаяқтық жасау, пирамида – алаяқтықтың бір түрі.

Қылмыстық топтың жаргоны: стукач, терпила, хвост, крыса, шестерка, стрелка, бабло, вышка, косяк, рамс-төбелес, мент, козёл – полиция қызметкеріне қатысты айтылады, левый –

заңсыз іс жасау, братан, пятак, обезьянник, смотрящий, рэкет, лох, чмо, очкарик, хромой, горбун, король, жаба, петух, фунт. Қылмыстық жаргон ХХ ғасырдың соңында ауызекі сөйлеуде белсенді қолданыла басталды. Бұл жаргонды көбіне бұзақылардың (блатнойлар) тілі деп қарастырады. Кейіннен бұл жастардың тілінен де орын ала бастады. Оларды мынандай топқа бөліп қарастыруымызға болады:

1. Жастардың жаргонына ауысқан қылмыстық арголар өзінің лексикалық мағынасын жоғалтпайды: кидать ету;

2. Жастар жаргонына айналған қылмыстық арго семантика тұрғысынан өзгеріске ұшырайды: беспредел – қылмыстық топтың жаргонында бұл заң бұзушылық болса, жастардың тілінде – уақытты көңілді өткізу;

3. Лексикалық мағынасын жоғалтпай жаңа мағынаға ие болған жаргондар: ништяк – қылмыстық жаргонда керемет, тамаша дегенді білдірсе, жастардың тілінде екі түрлі мағынасы бар: 1) керемет, тамаша; 2) бұрын пайдаланылған зат;

Шопырлардың немесе жүргізушілердің жаргоны: шумахер – машинаны жылдам жүргізетін адам, байкер – мотоцикл айдайтын адам, обгон – машинаны басып озу, бежа – БМВ көлігі, гелик – мерседес көлігінің G нұсқасы, мерс – мерседес көлігі.

Нашақорлардың жаргоны: кайф ұстау, наркоша, передоз, глюк, порошок, куряга т.б. Әлеуметтік топтардағы жастардың арасында бейресми бірлестіктер құрылады. Ол – мақсат-мүддесі бір, ортақ көзқарастағы адамдар тобы.

Арго, жаргон, термин сленгтерін пайдалануда шатасулар жиі болады. Терминдерге берілген тұжырымдарды зерделей отырып, олардан белгілі бір иерархиялық жүйе құруға болады. Нақтылай айтқанда, арго жаргонның бөлігі, ал жаргон қызметін сленг атқарады. Өйткені жаргон көбінесе қарапайым сөйлеу тіліне енеді. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, бұл терминдер арасында шекара енгізуге болады. Кейбір жаргондар арголардан жасалып, жиі қолданылуынан халыққа түсінікті болады. Сленг кәсіби немесе топтық жаргондардан жасалады. Сленг әр түрлі әлеуметтік ішкі жүйелерден жиналған жалпы лексиканың жиынтығы және оның қолданылуында шектеу жоқ.

Британдық лексикограф Э. Партридж жастардың сленгті қолдануының 15 себебін көрсетеді. Олар:

«1) көтеріңкі көңіл-күйде болғанда; жай қызық үшін, әзіл үшін;

2) тапқырлық немесе әзіл ретінде (өзін-өзі көрсету, еліктеу, жауап беру реакциясы, шеберлікке деген құштарлық);

3) «басқаша» болуға деген ұмтылыс, басқаларға ұқсамау, жаңашыл болу;

4) әсер ету үшін (оң мағынада), талғамсыздықтан аулақ болу үшін;

5) тартымды немесе тіпті қорқыныш тудыру үшін;

6) клишеден аулақ болу, қысқа да нұсқа болу (бұл себеп қолданыстағы терминдерге төзбеуден туған);

7) тілді байыту;

8) абстрактілі заттарға нақтылық беру үшін;

9) а) қатты ренжіту үшін немесе екінші жағынан қосымша баға беру, келіспейтіндігін, бас тартатындығын білдіру үшін; ә) сөйлесудің немесе хаттың салтанаттылығын, асқақтығын, байыптылығын азайту үшін; б) қайғылы жағдайды жеңілдетіп жеткізу, өлімнен немесе есалаңдықтан құтылудың мүмкін еместігін жеңілірек жеткізу үшін немесе керісінше, әсірелеп көрсету үшін, жымысқы әрекетке деген жиіркенішті немесе аяушылықты жасыру үшін (мысалы, сатқындыққа, рақымсыздыққа), спикерге, оның тыңдаушысына немесе екеуіне де жалғастыруға мүмкіндік беру үшін;

10) төменгі деңгейдегі адамдармен сөйлесу, жазу, жоғары деңгейдегі көпшіліктің көңілін көтеру, жай ғана өз аудиториясымен еркін қарым-қатынас жасау үшін;

11) сөйлесудің ыңғайлылығы үшін;

12) қарым-қатынасты достық деңгейге жеткізу немесе жақындасу үшін;

13) өздерінің белгілі бір кәсіпке, өнер немесе зиялы ортаға, әлеуметтік ортаға жататындығын көрсету үшін;

14) біреудің белгілі бір істен хабардар еместігін көрсету үшін;

15) басқаларға түсініксіз, жұмбақ болу үшін» [6, 12-13].

Тілші ғалымдар сленгті зерттеуге ағылшын тілді мәдениет әсер етті деген пікірмен келіседі. И. Гальперин «О термине сленг» еңбегінде сленг терминінің нақты этимологиясы жоқ екенін айтқан [7, 107]. Сленгке тән теориялық-лингвистикалық түсінік тіл білімінде психологиялық бағытта қалыптасқан. О. Есперсен: «...сленг – адамның қарапайым тілден ауытқуы нәтижесінде туған сөйлеу формасы», сленгтің пайда болуына түрткі болған негізгі себеп – «...ақыл-ойдың артықшылығы» – дейді. [8]. Ағылшын лексикологтарының көпшілігі О. Есперсеннің сленг туралы пікірімен келіседі. Ғалымдар О. Есперсеннің сленг үздіксіз жаңартуды қажет етеді деген ұстанымын қолдайды. И. Гальперин «сленг» ұғымы өз ойын логикалық тұрғыдан дұрыс жеткізе алмаудың, яғни ойдың анық еместігінің нәтижесі деп есептейді. Ғылыми стильде бейнелі сөздердің қолданылуы белгілі бір фактілерді қосымша түсіндіруіге мүмкіндік береді, автордың осы фактілерге қатынасын көрсетеді. Алайда, ғылыми стильде бейнелілік құбылыстың мәнін анықтауға қызмет ете алмайды. Сленгті «қаңғыбас тіл» ретінде сипаттау мағынаның күнгірттенуіне байланысты. Э. Партридж сленгті белгіленген тілдік нормалармен тексерілмеген сөйлеу түрі ретінде қарастырады [6, 135]. Я. Шумов сленгке мынадай анықтама береді: «француз тілінде жаргон», ағылшын тілінде «сленг» ұғымы – бұл кәсіп, әлеуметтік жағдайы, қызығушылықтары мен жасына байланысты белгілі бір әлеуметтік топтардың қатарына кіретін адамдардың қарым-қатынаста пайдаланатын ауызша сөйлеу түрі» [9, 7]. Ал Г.А. Судзиловский сленгтерді 2 топқа бөліп қарастырады: «1) шығу тегі әр түрлі, бірақ қолдану аясы кең, жалпыға белгілі лексика; 2) әр түрлі әлеуметтік топтармен байланысты қолдану аясы тар сөздер» [10, 13]. «Оксфорд ағылшын тілі сөздігінде» сленгке мынадай анықтама берілген: «1) кез-келген шығу тегі төмен адамдар қолданатын арнайы сөз, төмен және дөрекі тіл; 2) белгілі бір топтың немесе кезеңнің жаргоны; 3) білімді адамдардың әдеттегі тілінен төмен және жаңа сөздерді немесе белгілі бір мағынада қолданатын қарапайым сөздерді қамтитын ауызекі тіл, яғни «сленг» – «жаргон», «төмен тіл», «ауызекі тіл», «жаңа сөздер» және «жаңа мағынадағы ескі сөздер» [11]. Н. Вебстердің сөздігі «сленгті» мүлдем басқа тұрғыдан анықтайды: «Жазбаша сөйлеу нормаларымен белгіленбеген, бірақ сөйлеуді жанды ететін сөздерді қолдану». [12].

И. Гальперин сленгтерді бірнеше топқа бөліп көрсетеді. Олар:

«1. Ұрылар жаргонына қатысты сөздер.

2. Әр түрлі кәсіпке қатысты сөздер. Әр түрлі кәсіпке қатысты сленгтер өз ішінде іштей жіктеледі. Ағылшын және американдық лексикографияда әскери, спорт, театр, студенттік, парламенттік және діни сленгтер сияқты түрлері бар.

3. Ауызекі тілдегі сөздерге (коллоквиализмдер) тек көзбе-көз ресми қарым-қатынасқа тән сөздер мен сөз тіркестері жатады. Бұл сөздер кейде бейнелі, кейде эмоционалды бояуға ие. Олар өздерінің семантикасының өзгергіштігімен, көпмағыналылығымен сипатталады. Ауызекі тілдегі сөздердің кейбіреулері отбасылық және достық қатынастарда тар шеңберде қолданумен шектеледі.

4. Әдеби ассоциациялар нәтижесінде мағынасы олардың бастапқы түсінігімен, семантикамен байланысты сөздер.

5. Бейнелі сөздер.

6. Жеке стилистикалық әдістерді (ирония, перифраз және т.б.) қолдану нәтижесіндегі сөздердің контекстік мағыналары.

7. Қазіргі ағылшын тілінде сөзжасам әдістерінің бірі – конверсияланған сөздер.

8. Кейде қысқартулар да сленг ретінде қарастырылады» [7, 109-111].

Жастар сленгі – жастар әлемі, жастар қауымдастығы құндылықтарының айнасы. Жасөспірімдердің әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары белсенді коммуникацияда, өз қатарластарымен коммуникацияда үлкен рөл атқарады. Жастар және субмәдениеттер сленгтерінің лексикалық құрылымы сәйкес. Субмәдени жаргондарда жастар жаргонының құрылымы сақталады, айырмашылығы – субмәдени сленгтерде әлеуметтік құрылымдардың

реалийлерін көрсететін сөздерге мән беріледі. Ұқсастығы – сленгтің лексикалық құрамының әлеуметтік және жас ерекшелігіне байланысты.

Д.В. Громов жастар сленгтерін екі құрамдас бөліктен тұратынын атайды: «1) жалпы жастар сленгтері; 2) субмәдениеттердің сленгтері. Сленгтер бастапқыда белгілі бір әлеуметтік топтарда пайдаланылған сөздер, фразеологиялық бірліктер, жаргонның «жалпы» формалары мен ауызекі лексика» [13, 228].

Субмәдени және жастар арасындағы сленгтердің негізгі айырмашылығы – субмәдени сленгтер мәдени болмыстың көрінісі. Ол белгілі бір топтың белсенділік, киім, құндылықтар жүйесінен көрінеді. Жастар сленгтерінің басқа сленгтерден айырмашылығы – олар үнемі жаңарып отырады. Сленгтер тұрақсыз, кез-келген сленг көптеген жылдар бойы тілдік қолданыста болуы да мүмкін. Жастар сленгтеріндегі өзгеріске келсек, жастар өсіп, ересектерге айналады, ал жастардың жаңа буынында өз жаңашылдықтары мен жаңарған сленгтері пайда болады. Сондықтан жастар сленгтерін қолданушылар – жастардың өздері. Бірнеше жыл бұрын сәнді және күлкілі болып көрінген сөздер бір заманда ескіреді.

Сленгтер жастардың тілдік мәдениетін төмендетеді. Тіл тазалығына зиян келтіреді. Сленгтер біздің сөздік қорымызда бар және әлі де бола береді. Сленгтер әмбебап қызмет атқарады. Басты функциясы – коммуникативтік қызмет. Біріншіден, жастар сленгі – көптеген адамдардың жасына байланысты қарым-қатынас құралы. Екіншіден, сленг өмірдің барлық салаларын қамтиды. Барлық қызықты жағдайларды сипаттайды. Сленг – сөйлеушінің әңгіме тақырыбына эмоционалды көзқарасының нәтижесі. Әдеби тілге тән нормаларды бұза отырып, креативті қызмет те атқарады. Сленг – тілдік ойын принципіне негізделген тұрақты сөз жасау жолдарының бірі. Сондықтан комикалық, ойын әсері – сленг мәтініндегі басты нәрсе. Жастар сленгтерінің функциясы – мәселені сөйлесу тақырыбынан хабары жоқ адамдардан жасыру.

Сленгтің дамуы мен таралуына ғаламтордың әсері зор. Интернет желісінен мағыналары түсініксіз бірқатар сөздерді кезіктіреміз. Олар ғаламтор сленгі, кибер-сленг немесе интернет қысқартулар деп аталады. Оларды мыңдаған он-лайн пайдаланушылар қолданады. Интернет қысқартулар негізінен АҚШ-та ұялы телефондардың алғашқы нұсқаларындағы таңбалар санының шектелуіне байланысты туындаған. Ғаламтор – әр түрлі он-лайн топтар үшін ақпараттың қолжетімділігіне байланысты жаңа сленгтерді дамыту үшін қолайлы орта. Ғаламтор сленгі ғаламтордағы қауымдастықтардың өздерін көрсетуіне мүмкіндік береді. Өйткені олар өз қажеттіліктеріне сәйкес келетін жаңа сөздерді ойлап табуы мүмкін. Ғаламтор мұндай неологизмдердің жалғыз көзі емес екенін де атап өту қажет. Қосымша ақпарат көздеріне БАҚ та жатады. Ғаламтор мен гаджеттерді кеңінен қолдану жастар сленгі мен жаргондарының ережелері мен ерекшеліктерін қалыптастырады. Аталған ерекшеліктер қалыптастырудың бірден-бір көзі – ең жылдам және ең қысқа ақпараттандыру, яғни SMS-сленгтер. Соңғы бірнеше жылда сленгтің бұл түрі тілге мықтап орнықты, өйткені адамдар бір-бірімен қысқа хабарламалар жіберу арқылы жиі байланысады. Сондықтан әр елде ұялы байланыс пайдаланушылары өздерінің ұлттық SMS-сленгтерін қалыптастырды. Бұл құбылысты зерттеуші ғалымдар ондаған жылдардан кейін SMS-хабарламалар тілі жойылып кетеді деп болжайды. Уақыт өте келе олардың саны айтарлықтай артты. Кейбір ғалымдар ғаламторды қолдану арқылы пайда болған сленгтер біздің сөйлеу тілімізді байытады десе, енді бірі бұл неологизмдер тіл тазалығына нұқсан келтіріп, деградацияға әкеледі деп санайды. Тілші ғалымдардың барлығы дерлік тіл бір орында тұрмайды, ол дамып, жаңа сөздерді қабылдап отыруға міндетті, дамымаса, тіл өледі деген тұжырым айтады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жаргон – тіл стандартының нормаларын бұзушы, күнделікті тұрмыста кездесетін заттарға ауыспалы мағына берілген сөздер. Жаргон сөздер күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылғанмен әдеби ортада қабылданбайды. Жаргон сөздің көмегімен сөйлеуші өз эмоциясы мен сезімдерін барынша еркін жеткізе алады. Жаргон сөздер табиғатына зер сала отырып, олардың барлығы бірдей төменгі стиль туғызатын сөздер емес, белгілі бір әлеуметтік

топтар тіліндегі жасырын мағыналы сөздер екенін тұжырымдадық. Жастар жаргоны кіріктіру негізінде жүзеге асады. Жаргонға семантикалық әзіл тән. Жаргон сөздер тұрақты емес. Заман ағымына сәйкес сөздер ескіріп, жаңа жаргондар пайда болып отырады.

Жастар сленгі – тілдің ең өзгергіш бөлігі. Ағылшын не орыс тілдерінде сленгтер бұрыннан қолданылатын болса, қазақ тілінде мұндай сөздердің дамуына әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің қолданылуы, мемлекеттің әлемдік аренаға орнығуы үшін орын алған үштілділік саяси идеясы серпін берді. Жаһандық өзгерістерге байланысты қазақ жастарының сленг қоры күннен-күнге ағылшын сөздерімен толығып отырады. Мұны бірі – «сәнді сөйлеймін» деп мақтаныш көрсе, бірі – «қазақ тілінің шұбарлануы» деп айыптайды. Жастар арасында сөйлеу кезінде өз тілімізде баламасы бола тұра кірме сөздерді шектен тыс көп пайдаланып, оның үстіне тағы қазақша қосымша жалғап, тіпті тарихи қалыптасқан сөйлемнің орын тәртібін бұзып қолданып жүргендер бар. Мұндай сөздерді шамадан тыс қолдану, шала қазақ тілінде сөйлеу тілдің шұбарлануына алып келеді.

Жаһандану заманында ағылшын тілінен енген кірме сөздердің тасқыны ана тіліміздің жағдайына кері әсерін тигізіп, қасиетінің жойылуына әкеп соғуы мүмкін. Тілге тигізер әсері туралы айтқанда, қарама-қайшылық бар екенін де айта кету жөн. Жаңа сөздердің пайда болуы бір жағынан біздің сөздік қорымызды байытса, екінші жағынан өте көп мөлшерде кірме сөздерді пайдалану тіліміздің шұбарлануына әкеп соғады, тіл тазалығы мен әдеби көркемдігі бұзылады. Қазіргі кезде жастар ағылшын сөздерін күнделікті өмірде жиі қолданады. Тіліміздің аясын кеңейтіп, оны әрі қарай дамытудың басты шарттарының бірі – тіл тазалығын сақтау.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ. Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.
- 2 Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 212 б.
- 3 Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы/ Р. Сыздық / – Алматы: «Ел-шежіре», 2014, – Т. 8– 292 б.
- 4 Уәли Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 75 б.
- 5 Selvi A. F. World Englishes in the Turkish sociolinguistic context // World Englishes, – 2011. 30 (2). – P. 182-199.
- 6 Partridge E. Slang: Today and Yesterday. Monograph. – London: Routledge and Kegan Paul Lts., 1979. – 496 p. [Ағылшын тілінде]
- 7 Гальперин И.Р. Сленг термині туралы. // Тіл білімінің мәселелері. – М.: 1956. – № 6. – Б. 107-114. [Орыс тілінде]
- 8 Jespersen O. Philosophy of Grammar. L.: Unwin Brother, 1992. – 258 p. [Ағылшын тілінде]
- 9 Шумов Я. Тіл біліміне кіріспе. 2-ші басылым. – М.: Высшая школа, 2005. – 391 б. [Орыс тілінде]
- 10 Судзиловский Г.А. Сленг – бұл не? Ағылшын тіліндегі әскери лексика. Ағылшын-орыс әскери сленг сөздігі. – М.: Воениздат, 1973. – 134 б. [Орыс тілінде]
- 11 Oxford Dictionaries [Electronic resource] // The World's Most Trusted Dictionary Provider – Available at: <https://www.oxforddictionaries.com/>. [Ағылшын тілінде]
- 12 Noar Webster, LL.D. An American dictionary of the English language [Electronic resource]. – Available at: <http://www.merriam-webster.com/>. [Ағылшын тілінде]
- 13 Громов Д.В. Жастар субмәдениеттерінің сленгі: лексикалық құрылымы және қалыптасу ерекшеліктері // Орыс тілі ғылыми басылымда. – М.: 2009. – № 1. – С. 228-240. [Орыс тілінде]

Материал 02.06.2024 баспаға түсті

Молодёжный сленг и жаргоны

М.С. Ауганбаева¹, Г.Б. Мамаева¹, Г.А. Тусупбекова²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилёва, Астана, 010000, Республика Казахстан

²НАО «Университет Шакарима», Семей, 071400, Республика Казахстан

В статье рассматриваются вопросы экологии языка, чистоты языка, относящиеся к сложным проблемам казахского языкознания. Изучение слов-нарушителей языковых норм, используемых социальными группами, показывает актуальность проблемы.

Лингвистика рассматривает язык не только как средство общения, но и как ядро познания своей деятельности в различных коммуникативных сферах. Через национальный язык мы знакомимся с историей, культурой, образом жизни, окружающей средой этого народа. Лингвисты рассматривают язык в единстве с обществом. Происходящие в обществе ситуации не только отражаются на языке, но и оказывают на него свое влияние. Поддерживать чистоту языка-не использовать хаотично слова другого языка, то есть вводные слова.

В лингвистике языковая культура находится в центре внимания. Она связана с уровнем литературного языка каждого народа, включая его культурное, духовное богатство. Для развития языковой культуры необходимо уделять первоочередное внимание чистоте, наглядности, точности языка. То есть мы должны очистить нашу речь от жаргона, сленга, диалекта, простых слов, которые не являются литературной нормой. Тем не менее, это стало актуальной проблемой в лингвистике под влиянием активного использования слов в повседневной жизни. В лингвистике этот вопрос рассматривается областью эколлингвистики.

Ключевые слова: родной язык, чистота языка, разговорный язык, жаргон, сленг, социолект, арго.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Байтурсынулы А. Проблемы казахского языкознания Сост.: Г. Анес. - Алматы: «Абзал-Ай», 2013. – 640 с. [На казахском языке]
- 2 Балакаев М. Казахский литературный язык и его нормы. - Павлодар: Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова, 2010. - 212 с. [На казахском языке]
- 3 Сыздық Р. Языковая норма и ее формирование (кодификация). Многотомное собрание сочинений. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014, Т.8. - 292 с. [На казахском языке]
- 4 Уали Н. Культура слова. – Алматы: Мектеп, 1984. – 75 с. [На казахском языке]
- 5 Selvi A. F. World Englishes in the Turkish sociolinguistic context // World Englishes, – 2011. 30 (2). – P. 182-199.
- 6 Partridge E. Slang: Today and Yesterday. Monograph. – London: Routledge and Kegan Paul Lts., 1979. – 496 p. [На английском языке]
- 7 Гальперин И.Р. О термине сленг. // Вопросы языкознания. – М.: 1956. – № 6. – С. 107-114.
- 8 Jespersen O. Philosophy of Grammar. L.: Unwin Brother, 1992. 258 p. [На английском языке]
- 9 Шумов Я. Введение в языкознание. 2-е изд. – М.: Высшая школа, 2005. – 391 с.
- 10 Судзиловский Г.А. Сленг – что это такое? Английская военная лексика. Англо-русский словарь военного сленга. М.: Воениздат, 1973. – 134 с.
- 11 Oxford Dictionaries [Electronic resource] // The World’s Most Trusted Dictionary Provider – Available at: <https://www.oxforddictionaries.com/>. [На английском языке]
- 12 Noar Webster, LL.D. An American dictionary of the English language [Electronic resource]. – Available at: <http://www.merriam-webster.com/>. [На английском языке]
- 13 Громов Д.В. Сленг молодежных субкультур: лексическая структура и особенности формирования // Русский язык в научном освещении. – М.: 2009. – № 1. – С. 228-240.

Материал поступил в редакцию журнала 02.06.2024

Youth slang and jargon

M.S. Auganbayeva¹, G.B. Mamayeva¹, G. Tussupbekova²

¹L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

²Shakarim University, Semey, 071400, Republic of Kazakhstan

The article discusses the ecology of the language, and the purity of the language, which refers to complex problems in Kazakh linguistics. The study of words that violate the norms of the language used by social groups shows the problem's relevance.

Linguistics considers language not only a means of communication but its activities in various communicative areas as the core of cognition. Through the national language, we get acquainted with the history, culture, way of life, and environment of this people. Linguists consider language in unity with society. The situation in society is not only reflected in the language but also affects it. To maintain the purity of the language is to avoid the chaotic use of words of another language, that is, words that are not included.

In linguistics, the focus is on language culture. It is associated with the cultural and spiritual wealth of each people, as well as with the level of their literary language. For the development of language culture, it is necessary to focus on the purity, visibility, and accuracy of the language. That is, we need to clear our speech from jargon, slang, dialects, and simple words that do not belong to the literary norm. However, under the influence of the active use of these words in everyday life, it has become an urgent problem in linguistics. In linguistics, this problem is considered by the field of ecolinguistics.

Key words: native language, language purity, spoken language, jargon, slang, sociolect, argo.

REFERENCES

- 1 Baitursynuly A. Qazaq til biliminiń máseleleri. [Issues of Kazakh language education]. (Almaty, 2013). [in Kazakh].
- 2 Balakaev M. Qazaq ádebi tili jáne onyń normalary [Kazakh literary language and its norms]. – (Pavlodar, 2010). [in Kazakh].
- 3 Syzdyq R. Tildik norma jáne onyń qalyptasýy (kodifikatsıasy) [The language norm and its normalization (codification)] (Almaty, 2014). [in Kazakh]
- 4 Ýalı N. Sóz mádenieti [Culture of the word] (Almaty, 1984). [in Kazakh]
- 5 Selvi A. F. World Englishes in the Turkish sociolinguistic context // World Englishes, – 2011. 30 (2). – P. 182-199.
- 6 Partridge E. Slang: Today and Yesterday. Monograph. – London: Routledge and Kegan Paul Lts., 1979. – 496 p [in English]
- 7 Galperin I.R. O termine sleng [About slang], Voprosy yazykoznaniya [Questions of linguistics] (Moscow, 1956). [in Russian]
- 8 Jespersen O. Philosophy of Grammar. (L.: Unwin Brother, 1992) [in English]
- 9 Shýmov Ia. Vvedenië v yazykoznanië [Introduction to Linguistics]. 2nd edition. (Moscow, 2005). [in Russian]
- 10 Sýdzılovskıı G.A. Sleng - çto éto takoe? Angliyskaya prostoreçnaya voennaya leksika. [What is slang? English vernacular military vocabulary]. English-Russian dictionary of military slang. (Moscow, 1973). [in Russian]
- 11 Oxford Dictionaries [Electronic resource] // The World's Most Trusted Dictionary Provider – Available at: <https://www.oxforddictionaries.com/>. [in English]
- 12 Noar Webster, LL.D. An American dictionary of the English language [Electronic resource]. – Available at: <http://www.merriam-webster.com/>. [in English]
- 13 Gromov D.V. Sleng molodezhnykh subkul'tur: leksicheskiy sostav i osobennosti formirovaniya [Slang of youth subcultures: lexical structure and features of formation], Russkiy yazyk v nauchnom osveshchenii [Russian language in scientific coverage] (Moscow, 2009). [in Russian]

Received: 02.06.2024